Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобының

АНЫҚТАМАСЫ

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі, Маңғыстау облысы білім басқармасының 15.09.2023 жылғы №195 нқ «Маңғыстау облысы білім басқармасының 2022 жылғы 8 ақпандағы №41 нқ «Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобын құру туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы негізінде қаладағы №2,3,5,6,7,9 жалпы білім беретін мектептердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізілді. Мониторингке сараптамалық топ құрамы қатысты.

Мониторинг топ ағымдағы жылдың 28 қыркүйек күні жүргізді.

Арнайы бекітілген жадынамаға сәйкес, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына мониторинг жұмыстары жүргізілді.

1. Барлық білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен алынған.
2. Барлық 6 мектепте бракеражды комиссиясының бұйрығы бар. Бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс жасайды. Барлық мектепте тамақтандыру сапасы қадағаланады. Күн сайын медицина қызметкерлері тағамдардың сапасын органолептикалық бағалау журналына (бракеражды) жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына оргалептикалық бағалау жүргізіп отыр.
3. *Балалар тамақтанатын ыдыстардың жай-күйі.*

Мектептердегі жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған ыдыстар уақытымен ауыстырылып отырады.

4. *Ас ішетін бөлмеге қойылатын талаптар*

Мектептің ас ішетін бөлме таза, үстелдерде қағаз салфеткалар қойылған, қол жуғыштар (краннан жылы су ағып тұр) жұмыс жасап тұр, қол жуатын сұйықтықтар бар.

5. *Перспективалық мәзірге қойылатын талаптар*

Қала бойынша перспективалық маусымдық (қыс-көктем) ас мәзірді Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі бекітіп, облыстық білім басқармасымен келісілді. Ас мәзіріндегі бала жасы мен тамақтың массасының граммдары Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 наурыздағы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны басқару қағидаларын бекіту туралы» №320 қаулысына сәйкес жасақталған. Аталған қаулының 15 қосымшасында көрсетілгендей балалардың жасы үш категорияға бөлінген, яғни 6 мен 10 жас және 11 мен 14 жас, 15-18 жас аралығы және тамақтың граммдары да осы нормаға сәйкес жасақталған.

Мәзірге қойылатын талаптар

Scanned by TapScanner

Күн сайын тамақтану залында объектінің басшысы бекіткен ас мәзірлері ілулі тұр. Тамақтану рационында ет, сүт, сары май, өсімдік майы, бидай наны, көкөністер, балық т.б. бар.

Сонымен бірге, тиым салынатын тамақтар: йодталмаған тұз, фортифицияланбаған ұн, айран, құс еті, фаст-фуд өнімдері, дәм күшейткіштері, тәттілегіштері бар тамақ өнімдері қолданылмайды.

Күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамасы нақты мәзірге сәйкес алынып отырады және 24 сағатқа дейін сақталады.

Ас блогында білім алушылардың тамақтануына байланысты емес тауарлар сатылмайды.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобының ұсынысы:

1. Қызметкерлердің санитариялық-эпидемиологиялық тазалықты мұқият сақтауын;
2. Бракеражды комиссиясының қызметін белсендендіру;
3. Мекеме басшысы тарапынан бекітілген перспективалық ас мәзіріне сәйкес күнделікті асханада тамақтың дайындалуы;
4. Сонымен қатар білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобының қорытындысы негізінде №3,7 мектептердің тамақтандыру сапасына жоғары деңгейде екендігі №2,5,6,9 мектептердің тамақтандыру сапасына салыстырмалы түрде төмен екендігі анықталды.

Әлеуметтік желіге жарияланды.

https://www.facebook.com/100011673206719/posts/1978767902522297/?d=w&mibextid=qC1gEa

https://www.instagram.com/p/CxuVZWCoatS/?igshid=NjFhOGMzYTE3ZQ==

Сараптамалық топ хатшысы **Г. Тлеукулова**

Scanned by TapScanner